

Ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудағы қазақстандық қамту жөніндегі ақпаратты беру нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2010 жылғы 21 мамырдағы N 81 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 16 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6294 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 13 маусымдағы № 196 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012.06.13 № 196 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 21-бабына және «Ұйымдар мен мемлекеттік органдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудағы қазақстандық қамту бойынша кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 27 қаңтардағы № 733 Жарлығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуда қазақстандық қамту туралы ақпаратты ұсынудың нысандары бекітілсін:

1) жоспарланып отырған тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша ақпараттың нысаны (осы бұйрықтың 1 қосымшасына сәйкес);

2) сатып алынған тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша ақпараттың нысаны бекітілсін (осы бұйрықтың 2 қосымшасына сәйкес).

2. Осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген нысандарды Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне электронды түрде «Қазақстандық қамту» Интернет–порталы арқылы электронды-цифрлы қол қоюды қолдану арқылы мыналар ұсынады:

1) ұлттық басқару холдингтері, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, елу және одан да көп пайыз акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) ұлттық басқару холдингтеріне, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар;

2) облыстардың (республикалық маңызы бар қалалар, астана) жергілікті атқару органдары - Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекіткен тізіміне сәйкес, тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуларын қазақстандық қамту бойынша бақылауға алынған ұйымдар;

3. Жоспарланып отырған тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша ақпараттың нысаны жыл сайын сатып алуды жоспарлап отырған жылдың 1 ақпанына дейін ұсынылады.

Қол қойылған келісім шарттар және қазақстандық қамту үлесі және сатып алынған тауарларды, жұмыстарды және қызметтері бойынша ақпараттардың нысандары ай сайын, есеп беру мерзімінен кейінгі айдың 25-нен кешіктірілмей ұсынылады.

4. Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің осы бұйрықтың бірінші тармағы 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты қолдануы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

5. «Ұйымдардың тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алудағы қазақстандық қамту бойынша ақпаратты ұсыну нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2009 жылдың 21 мамырдағы № 132 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік-құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 5683 нөмірмен 2009 жылдың 27 мамырда тіркелген, «Заң газеті» № 88 санында 2009 жылдың 12 маусымында жарияланған).

6. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Жергілікті қамтуды және жобаларды саралау департаменті заңды тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Б.С.Камалиевке жүктелсін.

8. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м. а.

Б. Камалиев

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар Министрінің м.а.
2010 жылғы 21 мамырдағы № 81 бұйрығына

1 қосымша

Жоспарланып отырған тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша ақпараттың нысаны

				Сатып алынатын ТЖҚ атауы және				Сатып алу өткі:
--	--	--	--	-------------------------------	--	--	--	-----------------

Тапсырыс берушінің ИИН-і	Тапсырыс берушінің СТН-і	Тапсырыс берушінің атауы		ӨЖ СЭҚ коды (6 белгі)	қысқаша (қосымша) сипаттамасы		Өлшеу бірлігінің коды (МӨБЖ сәйкес)	Сатып алу көлемі заттай	Жоспарланған сатып алу сомасы, теңге	жері ӘАО сәйкес елді-коды
		Мемлекеттік тілде	Орыс тілінде		Мемлекеттік тілде	Орыс тілінде				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
				Тауарлар						
				Жұмыстар						
				Қызметтер						

Нысанда ақпаратты толтыру жолма-жол, әр тауар, жұмыс және қызметке жекелей келесідей тәртіппен толтырылады:

1 баған. Тауар, жұмыс және қызметке тапсырыс берушінің іскерлік-идентификаттық нөмірі көрсетіледі (бар болған жағдайда толтырылады).

2 баған. Тауар, жұмыс және қызметке тапсырыс берушінің салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

3 баған. Тауарлар, жұмыстар және қызметтерге тапсырыс берушінің атауы (мемлекеттік тілде) көрсетіледі.

4 баған. Тауарлар, жұмыстар және қызметтерге тапсырыс берушінің атауы (орыс тілінде) көрсетіледі.

5 баған. Тауар, жұмыс және қызметтің коды өнімнің жіктеушісі бойынша 6 белгі деңгейінде экономикалық қызмет түрлері бойынша көрсетіледі (мысал: 01.11.12).

6 баған. Сатып алынатын тауар, жұмыс немесе қызметтің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттары, қасиеттері және сипаттамасы, 100 белгіге дейін) мемлекеттік тілде көрсетіледі.

7 баған. Сатып алынатын тауар, жұмыс немесе қызметтің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттары, қасиеттері және сипаттамасы, 100 белгіге дейін) орыс тілінде көрсетіледі.

8 баған. Өлшеу бірлігінің мемлекетаралық жіктеушісіне сәйкес өлшеу бірлігінің коды көрсетіледі. (Баған жұмыстар, қызметтер бойынша толтырылмайды).

9 баған. 8 бағанда көрсетілген өлшеу бірлігіне сәйкес сатып алудың көлемі заттай көрсетіледі; Баған жұмыстар, қызметтер бойынша толтырылмайды; у с л у г а м) .

10 баған. Сатып алудың жоспарланып отырған сомасы, теңгемен көрсетіледі.

11 баған. Тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу өткізілетін елді мекеннің коды әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеушісінің кодына сәйкес көрсетіледі .

12 баған. Сатып алуды өткізудің жоспарланып отырған мерзімі көрсетіледі (еркін толтырылады) .

13 баған. Жабдықтаудың жоспарланып отырған мерзімі көрсетіледі (еркін т о л т ы р ы л а д ы) .

14 баған. Сатып алу жоспарының жылы көрсетіледі (мысал: 2010).

Е с к е р т у

1. Грамматикалық қате жіберілген немесе өзгерген форматта берілген ақпараттар қ а б ы л д а н б а й д ы .

2. Кесте электронды түрде xls (Microsoft Excel 2003) форматында ұсынылуы керек.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар Министрінің м.а. 2010 жылғы 21 мамырдағы № 81 бұйрығына 2 қосымша

Сатып алынған тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша ақпараттың нысаны, № 1 кесте

Тапсырыс берушінің ИИН	Тапсырыс берушінің СТН	ТЖҚ тапсырыс берушінің атауы		Тапсырыс берушінің аймағының коды (ЭАОЖ сәйкес)	Келісім шарт №	Келісім шартқа қол қойылған күні (кк.аа.жжжж)	Келісім шарттың мерзімі аяқталатын күні (кк.аа.жжжж)	Келісім шарт бойынша есеп беру мерзіміне іс жүзінде төленген сома, теңге	Келісім шарттың жалпы сомасы, теңге
		Мемлекеттік тілде	Орыс тілінде						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Орындалған келісім шарттың жалпы іс жүзіндегі сомасы, теңге	Т Ж Қ жабдықтаушының атауы		Жабдықтаушының ИИН (ИИН)	Жабдықтаушының СТН	Жабдықтаушы елінің коды	Жабдықтаушының аймағының коды (ЭАОЖ кодына сәйкес)	Т Ж жабдықтаушының заңды мекемесі
	Мемлекеттік тілде	Орыс тілінде					
11	12	13	14	15	16	17	18

Нысанда ақпаратты толтыру жолма-жол, келесідей тәртіппен толтырылады:

1 баған. Тауар, жұмыс және қызметке тапсырыс берушінің іскерлік-идентификаттық нөмірі көрсетіледі (бар болған жағдайда толтырылады).

2 баған. Тауар, жұмыс және қызметке тапсырыс берушінің салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

3 баған. Тауарлар, жұмыстар және қызметтерге тапсырыс берушінің атауы (

- 4 баған. Тауарлар, жұмыстар және қызметтерге тапсырыс берушінің атауы (орыс тілінде) мемлекеттік тілде) көрсетіледі.
- 5 баған. Тапсырыс берушінің дислокациясының аумағының коды заңды мекен-жайымен сәйкес көрсетіледі (әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеушісіне сәйкес).
- 6 баған. Соның шеңберінде тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алынған келісім шарт нөмірі көрсетіледі.
- 7 баған. Келісім шартқа қол қойылған күні көрсетіледі (мысал: 07.02.2010).
- 8 баған. Келісім шарттың мерзімі аяқталатын күні көрсетіледі (мысал: 31.12.2010).
- 9 баған. Келісім шарт бойынша есеп беру мерзімінде іс жүзіндегі төленген сомасы, теңге көрсетіледі.
- 10 баған. Келісім шарттың жалпы сомасы, теңге көрсетіледі (мысал: 100,00).
- 11 баған. Орындалған келісім шарттың жалпы іс жүзіндегі жалпы сомасы, теңге көрсетіледі (ақпараттың түсу ретіне қарай толтырылады).
- 12 баған. Тауар, жұмыс және қызметті жабдықтаушының атауы мемлекеттік тілінде байланысты көрсетіледі (егер жабдықтаушы ҚР резиденті болмаса, толтырылмайды).
- 13 баған. Жабдықтаушының атауы мемлекеттік тіркеуге сәйкес орыс тілінде көрсетіледі.
- 14 баған. Тауар, жұмыс және қызметке тапсырыс берушінің іскерлік-идентификаттық нөмірі/жеке идентификаттық нөмірі көрсетіледі (егер жабдықтаушы ҚР резиденті болмаса, толтырылмайды).
- 15 баған. Тауар, жұмыс және қызметті жабдықтаушының салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі (егер жабдықтаушы ҚР резиденті болмаса, толтырылмайды).
- 16 баған. Жабдықтаушының елінің коды елдердің мемлекетаралық жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі. (егер жабдықтаушы ҚР резиденті болса, ҚР коды көрсетіледі).
- 17 баған. Жабдықтаушының дислокациясының аумағының коды заңды мекен-жайымен сәйкес көрсетіледі (әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеушісіне сәйкес, егер жабдықтаушы ҚР резиденті болмаса, толтырылмайды).
- 18 баған. Жабдықтаушының заңды мекен-жайы көрсетіледі: елді-мекен, көше, үй, кеңсе (мемлекеттік тілде).
- 19 баған. Жабдықтаушының заңды мекен-жайы көрсетіледі: елді-мекен, көше, үй, кеңсе (орыс тілінде).
- 20 баған. Келісім шарттың мәртебесінің коды келісім шарттар мәртебелерінің Жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі (төменде көрсетілген).

Е с к е р т у

1. Келісім шарттар мәртебелерінің жіктеушісі:

Жіктеушілік коды	Атауы
0	Жасалды
1	Орындалды
2	Бұзылды

2. Грамматикалық қате жіберілген немесе өзгерген форматта берілген есеп беру нысандары қабылданбайды.

3. Ақпарат нысаны электронды түрде, xls (Microsoft Excel 2003) форматында ұсынылуы керек.

Сатып алынған тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша ақпараттың нысаны, № 2 кесте

Келісім шарттың №	Тапсырыс берушінің ІЖН	Тапсырыс берушінің СТН	ӨЖ СЭҚ коды (6 белгі)	Сатып алынатын ТЖҚ атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы		Өлшеу бірлігінің коды (МӨБЖ сәйкес)	Сатып алу көлемі		СТ-KZ Сертифи		
				Мемлекеттік тілде	Орыс тілінде		Заттай	Қ ұ н көрсеткішінде , мың. теңге	№	Сериясы	Бергі органды
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
			Тауарлар								
			Жұмыстар								
			Қызметтер								

Нысанда ақпаратты толтыру есеп беру мерзіміне жолма-жол, әр тауар, жұмыс және қызметке жекелей бір шарттың шеңберінде келесідей тәртіппен тоқтырылады:

1 баған. Тауар, жұмыс және қызмет соның шеңберінде сатып алынған келісім шарттың № көрсетіледі.

2 баған. Тауар, жұмыс және қызметке тапсырыс берушінің іскерлік-идентификациялық нөмірі көрсетіледі (бар болған жағдайда толтырылады).

3 баған. Тауар, жұмыс және қызметке тапсырыс берушінің салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

4 баған. Тауар, жұмыс және қызметтің коды өнімнің жіктеушісі бойынша 6 белгі деңгейінде экономикалық қызмет түрлері бойынша көрсетіледі (мысал: 01.11.12).

5 баған. Сатып алынатын тауар, жұмыс немесе қызметтің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттары, қасиеттері және сипаттамасы, 100 белгіге дейін) мемлекеттік тілде көрсетіледі.

6 баған. Сатып алынатын тауар, жұмыс немесе қызметтің атауы және қысқаша (

қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттары, қасиеттері және сипаттамасы, 100 белгіге дейін) орыс тілінде көрсетіледі.
7 баған. Өлшеу бірлігінің мемлекетаралық жіктеушісіне сәйкес өлшеу бірлігінің коды көрсетіледі. (Баған жұмыстар, қызметтер бойынша толтырылмайды).
8 баған. 7 жолда көрсетілген өлшеу бірлігіне сәйкес сатып алудың көлемі заттай көрсетіледі; (Баған жұмыстар, қызметтер бойынша толтырылмайды).
9 баған. Сатып алудың көлемі құндық көрсеткішпен, теңгелей көрсетіледі.
10 баған. СТ-KZ сертификатының нөмірі көрсетіледі (мысал: 01214).
11 баған. СТ-KZ сертификатының сериясы көрсетіледі.
12 баған. СТ-KZ сертификаты берген органның коды көрсетіледі (мысал: 650)
13 баған. СТ-KZ сертификаты берілген жылы көрсетіледі. (мысал: 2009 жыл-9).
14 баған. СТ-KZ сертификаты берілген күні көрсетіледі (мысал: 09.06.2010).
15 баған. СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауардағы қазақстандық қамту (%) көрсетіледі (жүздік үлесі бар бөлшек сан ақпарат түскен сайын толтырылады)
16 баған. Жұмыста/қызметтегі қазақстандық қамту (%) көрсетіледі (аланды шығу тегі қазақстандық жұмыстар және қызметтер үшін толтыру міндетті, жүздік үлесі бар бөлшек сан ақпарат түскен сайын толтырылады)

Е с к е р т у

1. Грамматикалық қате жіберілген немесе өзгерген форматта берілген ақпарат
н ы с а н д а р ы қ а б ы л д а н б а й д ы .
2. 10-14 бағандар шығу тегі қазақстандық тауарларды сатып алу жағдайында
т о л т ы р ы л у ы м і н д е т т і .
3. Ақпарат нысаны электронды түрде,.xls (Microsoft Excel 2003) форматында
ұсынылуы керек.